Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАНРЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ **АТЫНАН**

2023 жылғы 26 қыркүйек 7119-23-00-2/10247 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Мырзабаев, басшысы Мырзабаев Махмұт Мұхитұлы
жеке кәсіпкер Маден, басшысы Мәден Марина Бегәліқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот
ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының шығынды өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Мырзабаев, басшысы Мырзабаев Махмұт Мұхитұлы, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Маден, басшысы Мәден Марина Бегәліқызы, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Мырзабаев, басшысы Мырзабаев Махмұт Мұхитұлы, мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Маден, басшысы Мәден Марина Бегәліқызы мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 26.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Баймурзина А. А., 01.03.2024
7119-23-3-1/9960

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 26.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Баймурзина А. А., 01.03.2024

7119-23-3-1/9960